



www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

2026 жылғы 15 наурыздағы республикалық референдумда Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануына байланысты **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2026 жылғы 15 наурыздағы республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының Конституциясы) мәтіні «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» мерзімді баспа басылымдарында жариялансын.

2. 1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының түпнұсқасы Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне сақтауға тапсырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының түпнұсқасы Қазақстан Республикасының Президентінде сақталады деп белгіленсін.

4. Орталық референдум комиссиясы Қазақстан Республикасы Конституциясының мәтінін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасымен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына:

1) «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заң жобасы;

2) «Қазақстан Халық Кеңесі туралы» Конституциялық заң жобасы енгізілетіні айқындалсын.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, осы Жарлықтың 5-тармағында көзделген заңнамалық актілердің жобаларын әзірлеуді және Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізуді қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару бастамасымен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына:

1) «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Конституциялық заң жобасы;

2) «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Конституциялық заң жобасы енгізілетіні айқындалсын.

8. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті мемлекеттік органдары нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

9. Қазақстан Республикасының Үкіметі 2026 жылғы 7 сәуірге дейін Қазақстан Республикасының Конституциясын ілгерілету жөніндегі жоспарды бекітсін.

10. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

11. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 17 наурыз
№1206

22 наурыз – Жыл басы



23 наурыз – Тазару күні



АҚОРДА



КОНСТИТУЦИЯНЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Ақордада өткен Конституцияны қабылдауға арналған салтанатты шараға Премьер-министр Олжас Бектенов, Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев, Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебай, Үкімет мүшелері, орталық мемлекеттік органдардың жетекшілері, облыс, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, сондай-ақ Конституциялық комиссия мен Жалпыұлттық коалиция мүшелері қатысты.

Құрмет қарауылы Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын салтанатты түрде ортаға алып шыққан соң Әнұран орындалды.

Орталық референдум комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров жаңа Конституция жобасы бойынша республикалық референдумның қорытындысын жариялағаннан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Конституциясына және «2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

ҚОНЫСТОЙ



болып отырған жандарды шын жүректен құттықтаймын. Жаңа қоныстарыңыз ырыс пен берекеге толып, осы үйде өсіп-өне беріңіздер! Дәстүрлі жаңа жылымыз – Жыл басы Наурыз әр шаңыраққа бақыт пен шаттық, моштылық пен береке әкелсін, – деді аймақ басшысы.

Жылдар бойы кезегін күткен жандар үшін бұл күн шын мәнінде ерекше қуанышқа толы болды. Қоныс иелерінің қатарында әлеуметтік тұрғыдан осал топ өкілдері бар, олардың көбісі өз бетінше баспана ала алмауы мүмкін еді.

Көпбалалы ана Динара Бакаева үшін үш бөлмелі пәтер алу нағыз қуаныш болды.

– Төрт балам бар. Бізге кең баспана өте қажет еді. Кілттің дәл Наурызда, «Шаңырақ күнінде» табысталуы – жақсылықтың нышаны деп қабылдадым. Облыс құрылғаннан бері қаламыздың қалай өзгеріп жатқанын көріп отырмыз. Құрылыс қарқыны артып келеді, бұл кезекте тұрған жандарға үлкен үміт сыйлайды, – дейді көпбалалы ана.

– Балалар үйінің түлегімін, шамамен 15 жыл кезекте тұрдым. Қазір қолымда осы кілтті ұстап тұрған сәттегі сезімді сөзбен жеткізу қиын. Қауіпсіздік пен тұрақтылықты сезіну, өз үйіңнің бар екенін түсіну – бұл мерекедегі ең үлкен сый. Осы арманның орындалуына көмектескен жандардың барлығына алғыс айтамын, – дейді көптен күткен қуанышқа қол жеткізген Артем Попов.

Өткен жылы облыс орталығында 1283 пәтер мен коттедж қалашығындағы үйлер берілді. Соның арқасында жалпы кезек 9%-ға қысқарды.

2026 жылға арналған жоспарлар да ауқымды: 177 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру көзделген. Бұл 1429 отбасыға арналған 26 заманауи көпқабатты тұрғын үй.

Қ. Жалайыри көшесіндегі жаңа үй жанындағы мерекелік шара жылы лебіздермен, «шашу» рәсімімен және «Қоныс құтты болсын!» деген ақжарма тілектермен жалғасты. Наурызнаманың мәні де осында – ежелгі дәстүрлерді заманауи жетістіктермен ұштастырып, әрбір мерекені халық игілігіне айналдыру.

ШАҢЫРАҚ ШАТТЫҒЫ

Көктемнің көркем лебі есіп, тіршілік түлеген шақта ел көңіліне шуақ құятын Ұлыстың ұлы күні қарсаңындағы «Шаңырақ күні» аясында Талдықорған төрінде тағы бір игі іс жүзеге асты. Қадырғали Жалайыри көшесінде бой көтерген бесқабатты үйдің кілтін облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ табыстап, көптің қуанышын еселей түсті.

Санжар СҰЛТАНҒАЗЫ

Пәтер алушылардың қатарында көпбалалы отбасылар, мүмкіндігі шектеулі жандар, ерекше балалар тәрбиелеп отырған отбасылар, балалар үйінің түлектері бар.

Жиналған қауым алдында сөз сөйлеген аймақ басшысы азаматтарды сапалы әрі қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету – өңір дамуының басым бағыты екенін атап өтіп, бақытты қоныс иелеріне салтанатты түрде кілттерді табыстады.

– Халықтың тұрмыс сапасын жақсарту – біздің басты міндеттеріміздің бірі. Президенттің бастамасымен қабылданған жаңа Конституцияның негізгі ұстанымы да адамға бағытталған мемлекет құру, қарапайым азаматтардың әл-ауқатын арттыру. Бұл мақсатында облыс құрылғаннан бері тұрғын үй құрылысын қарқынды жүргізіп келеміз. Жыл соңына дейін тағы шамамен 1400 пәтер салуды жоспарлап отырмыз. Осы мерекенің қарсаңында жаңа қонысқа ие



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

ӘСКЕР – ЕЛ АЙБЫНЫ

Оқушылар сарайында облыс әкімдігі мен ҚР Қорғаныс министрінің бірлескен жұмыс жоспары аясында патриоттық шара өтті. Оған Жетісу жеріне арнайы сапармен келген ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары Асқар МҰСТАНБЕКОВ, облыс әкімінің орынбасары Диас ЕСДӘУЛЕТОВ қатысты.

Айдар ҚАЛИЕВ

Қонақтар алдымен «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубтарының қатысуымен ұйымдастырылған әскери-техникалық көрмені тамашалап, оқушылардың жетістігімен танысты. Осыдан кейін ҚР Қорғаныс министрі орынбасары оқушылармен кездесті. Шараны жүргізген Диас Рахметұлы: «Бүгінде «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысы аясында облыста 299 әскери патриоттық клуб пен 26 мамандандырылған

кадет сыныбында 12545 бала тәрбиеленуде. Осы бағыттағы жұмысты жүйелі түрде жалғастыру, жастарға әскери қызметтің артықшылықтарын кеңінен түсіндіру және олардың Отан алдындағы жауапкершілігін арттыру кездесудің басты міндеті», – деп шараның маңыздылығына тоқталды.

Өз кезегінде Асқар Досбосынұлы: «Әскери жоғары оқу орындарына патриоттық тәрбиені бойына сіңірген, әскери тәртіпті ұстанатын «Жас сарбазда» мүше болған жастардың 40-45 пайызы түседі екен.

Ал Жетісу облысында патриоттық бағытта ауқымды шаруалар атқарылып жатыр. Бұл бізді қатты қуантты. Мемлекет басшысы былтыр Тараз қаласында әскерилендірілген мектеп-интернатын ашты. Президент тапсырмасы бойынша Оқу-ағарту министрлігімен бірігіп, 2029 жылға дейін барлық өңірге мектеп ашу жоспарлануда. Мұнан бөлек, қорғаныс саласында 5 колледж бар, – деп әскери қызметтің беделін арттыру, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу және заманауи технологияларды енгізу мәселелерін, ҚР әскери оқу орындарына түсу тәртібі мен ұсынылатын жеңілдіктерді баяндады.

Осыдан кейін облыстық білім басқармасының басшысы Дәурен Жүнісов әскери-патриоттық тәрбие жұмыстары бойынша атқарылып жатқан шараларды баяндап, алдағы жоспармен бөлісті. Кездесу барысында оқушылар әскери сала бойынша көкейінде жүрген сауалдарын қойып, тұшымды жауап алды. Жиын соңында қонақтар «Жұлдыз» шағынауданына барып, әскери жатақхананың маңына ағаш көшеттерін отырғызды

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ТОЛАСТАМАЙДЫ

Нашақорлықтың профилактикасы және есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өңірлік штаб төрағасының орынбасары Марлен КӨЛБАЕВТЫҢ басшылығымен нашақорлық пен есірткі бизнесінің адын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі өңірлік ведомстволарлық штабтың І отырысы өтті.

Жиында екі мәселе қаралды. Әуелі есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бойынша қабылданып жатқан шаралар, нашақорлықтың және есірткі құралдарының таралуының алдын алу кеңінен талқыланды. Екінші кезекте есірткі зертханаларын ұйымдастырушыларды жауапкершілікке тарту, олардың жолын кесу, сондай-ақ, «синтетикалық есірткіні» өндіру үшін пайдаланылатын жабдықтарды (конструкторлардың), прекурсорларды, реакторларды, өзге де заттардың қоймалары мен жасырылған орындарын анықтау мен жою мәселелері қаралды.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы бастығының орынбасары Ерасыл Ұзақов баяндама жасап, есірткіге қарсы атқарылған жұмыстарды баяндады.

– Нашақорлықтың алдын алу бойынша кешенді жоспар шеңберінде есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы өкіметтік емес ұйымдармен, «AMANAT» партиясы облыстық филиалы жастар қанатымен және еріктілермен 205 профилактикалық іс-шара өткізді. Барлық білім ордасында есірткіге қарсы дәріс бекітілді. Екінші жедел іздестіру шаралары бойынша жыл басынан облыста есірткінің заңсыз айналымы бойынша 37 құқықбұзушылық тіркелді. Оның 20-сы есірткі қылмысы. Жедел шараның нәтижесінде 21 азамат ұсталды. Оның бесеуі наша жасырушы. 68 келі әртүрлі есірткі тәркіленіп алынды, – дей келе атқарылған жұмыстарды кеңінен баяндады.

Ерасыл Ұзақовтың айтуынша ақпан айында есірткі таратқаны үшін 3 адам ұсталыпты. Олардың бірі өзбекстандық азамат. Тексеру барысында 111 қорап, 500 грамм есірткі тәркіленген. Ал наурыз айында ұсталған 2 әйелден 6 келі есірткі табылған. Облыс аумағында жедел іздестіру шарасы бойынша қылмыстық топ ұсталып құрықталды. 5 адамнан тұратын топтан 28 келі наша тәркіленді. Сонымен қатар, есірткіні тарататын және жарнамалайтын 577 сайт, 183 банк шоты бұғатталыпты. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының деректері бойынша есірткіге тәуелді 200-ден астам адам есепте тұр.

Шара барысында денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асқар Садықов, қоғамдық даму басқармасының басшысы Бауыржан Абибеков есірткінің алдын алу бойынша баяндама жасады. Жиын соңында штаб төрағасының орынбасары Марлен Көлбаев нашақорлыққа қарсы шараларды күшейту, жастарды саламатты өмір салтына қызықтыру және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының қарқынды арттыру бойынша және есірткі құралдарының заңсыз айналымының алдын алу, анықтау және жолын кесу бойынша жедел-іздестіру іс-шараларын күшейту, синтетикалық есірткілерді жеткізетін арналарға мониторинг жүргізу, интернет-ресурстар арқылы таратылатын заңсыз контентті анықтап, бұғаттау жұмыстарын жандандыру бойынша нақты тапсырма жүктелді.

А. НАЗАРҰЛЫ

НАУРЫЗНАМА

Төрт отбасы ШАҢЫРАҚ КӨТЕРДІ



Суреттерді түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

Талдықорғанда Наурыз мейрамын мерекелеу онкүндігі аясында «Отбасы – қоғамның тірегі» атты жастарға арналған тағылымды шара өтті. Салтанатты жиын «Jetisy jastary» КММ-нің ұйымдастыруымен Салтанат сарайында жоғары деңгейде өтті.

Гүлжан ТҰРСЫН

Айрықша атап өтерлігі – осы күні шағарда төрт бірдей жас отбасының шаңырақ көтеруі шараның мән-маңызын арттыра түсті.

Кездесудің мақсаты – жастар арасында отбасы құндылықтарын насихаттау, отбасы институтының маңызын ұғындыру және жас жұбайларға рухани-мәдени бағдар беру. Іс-шара барысында аға буын өкілдерінің батасы ерекше әсер қалдырды. Ақсақалдар жас отбасыларға ақ тілектерін арнап, отбасылық өмірдегі сыйластық, төзімділік пен өзара қолдаудың маңыздылығына тоқталды.

Шара соңында ұйымдастырушылар жас жұбайларды құттықтап, естелік сыйлықтар табыстады. Бакыт пен береке тілеген ізгі лебіздер айтылды. Жас жұбайлар да өз әсерлерімен бөлісті. Отбасын құрған Ақжан Наурызбеков пен Жанель Серік бұл күннің олар үшін ерекше екенін атап өтті.

– Бұл біздің өміріміздегі ең маңызды сәттердің бірі. Наурыз мейрамы қарсаңында үлкендердің батасын алу бізге ерекше күш пен сенім сыйлайды. Отбасы тек махаббат қана емес, үлкен жауапкершілік екенін түсінеміз. Осындай қолдау көрсеткен барша жанға алғысымыз шексіз, – деді Ақжан.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай тағылымды кездесулер жастар тәрбиесінде маңызды рөл атқарады.

– Біздің мақсатымыз – ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан асыл құндылықтарды жастардың санасына сіңіру. Отбасы – қоғамның негізі, сондықтан жас жұбайларды өмір жолының басында қолдау аса маңызды, – деді «Jetisy jastary» өкілдері.

Наурыз мейрамы күндері төрт жаңа отбасының құрылуы – жаңару мен дәстүр сабақтастығының, болашаққа деген сенімнің айқын көрінісі. Бұл күн жас жұбайлар үшін жаңа өмірдің бастауы болса, қоғам үшін отбасы құндылықтарының маңызын тағы бір мәрте айқындап берді.

НАУРЫЗНАМА

Көктемнің шуағымен бірге жеткен Наурыз – табиғаттың ғана емес, халықтың рухани жаңғыруының да бастауы. Осындай мәні терең мереке аясында ұйымдастырылған мәдени шаралар ұлттық болмысты жаңаша зерделеуге жол ашып отыр.

Сарби ӘЙТЕНОВА



ҰЛТТЫҚ КИІМ – ҰЛТ РУХЫНЫҢ АЙНАСЫ

Сол игі бастамалардың бірі – 18 наурызда аталып өткен Ұлттық киім күні. Айтулы күнге орай Мұхамеджан Тынышбайұлы атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Ұлттық киім, ұлттық дәстүр» атты мазмұнды көрме ұйымдастырылып, көпшілікті өткеннің өнегелі өрнектерімен қауыштырды.

Көрмеге қойылған әрбір жәдігер – уақыттың үнсіз шежіресі. Әсіресе, қазақ әйелінің киелі бас киімі – кимешекке айрықша мән берілген. Себебі, кимешек тек тұрмыстық бұйым емес, ол аналықтың айғағы, инабат пен тектіліктің белгісі. Музейдің аға ғылыми қызметкері Айгүл Әлімбаеваның айтуынша, көрме Наурызнаманың онкүндігі аясында өтіп, ай соңына дейін жалғасады.

– Ұлттық киімнің мәнін тек көрсету жеткіліксіз, оны түсіндіру маңызды. Әсіресе, кимешектің әр өңірдегі ерекшелігі мен әйел жасына қарай өзгеретін үлгілерін таныстыру арқылы жас ұрпақтың танымын кеңейтуді көздейміз, – дейді ол.

Көрменің тағы бір ерекшелігі – дәстүр мен заманауи технологияның үйлесімі. Келушілер QR-код арқылы әр экспонат туралы толық ақпарат алып, өз бетінше таныса алады. Сонымен қатар зерттеуші Тілек Сұлтаннның ғылыми еңбектеріне сүйене отырып жасақталған мазмұн LED экран арқылы ұсынылып, көрерменді терең ойға жетеледі. Бұл ұлттық мұраны жана форматта ұсынуың тиімді үлгісі.

Мазмұнды көрме Көркемөнер галереясында өткен ұлттық киім фестивалімен жалғасын тапты. Жетісу өлкетанушылар орталығы қоғамдық бірлестігі мен галерея ұжымы бірлесіп ұйымдастырған «Ұлттық киім – ұлт құндылығы» атты фестиваль көпшілікке ерекше әсер сыйлады.

Салтанатты шарада облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш

Сұлейменов сөз алып, ұлттық мұраның мәніне тоқталды.

– Мәдениет – мемлекеттің тірегі. Ал ұлттық киім – сол мәдениеттің айшықты көрінісі. Бүгінде біз ұлттық киімді тек мерекеде ғана емес, күнделікті өмірде де кию дәстүрін қалыптастырып келеміз. Бұл – ұлтқа деген құрметтің белгісі. Әсіресе, кимешек киген аналарды көргенде жүрекке жылылық ұялайды, – дей келе ол қазақтың рухани мұрасын жаңғырту жолында өлшеусіз еңбек сіңірген мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің еңбегін ерекше атап өтті.


– Мен Өзбекәлі Жәнібековті ерекше құрмет тұтамын. Оның ұлттық киімге, соның ішінде кимешекке қатысты зерттеулері мен еңбектері – бүгінгі ұрпақ үшін баға жетпес мұра. Сол кісінің жазбаларын оқи отырып, қазақтың ұлттық киімінің мәніне тереңірек бойлауға болады. Сондықтан кимешек әр қазақ әйелінің басынан түспей, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырса екен, – деген тілегін білдірді.

Шара барысында «Аламан құрақ» республикалық жобасына қатысқан облыстың колөнер шеберлері «Дүниежүзілік рекордтар кітабына енген» арнайы медальмен марапатталды.

Фестиваль аясында ұсынылған әрбір ұлттық киім үлгісі – бір дәуірдің көрінісі. Қыз жасауы, келін киімі, аналардың кимешегі – барлығы да өзіндік мәнге, өзіндік мазмұнға ие. Бұл – ұлттың тек сыртқы келбеті емес, ішкі мәдени кодның көрінісі.

Бүгінде ұлттық киімге деген қызығушылықтың артып келетіні рухани жаңғырудың нақты көрінісі. Себебі қазақы киім – жай ғана сән емес, ол – халықтың өмір салты, әлеуметтік құрылымы, дүниетанымы мен эстетикалық талғамының айнасы. Ұлттық киім – өткеннің жұрнағы емес, болашақпен жалғасқан рухани көпір. Оны сақтау – тарихты сақтау. Оны ұлықтау – ұлтты ұлықтау.

САҒЫНЫШ



Кеңшар директоры Сәкен Омаров үстелді жағалай отырғандарды шетінен таныстыра бастады. «Денесі толықша келген Сакбай ферма меңгерушісі, одан кейінгі бойшаң жігіт Сатыбалды Қазтаев бас зоотехник, ақынжанды жігіт. Студент кезінде белгілі ақын Хамит Ергалиевтің алдында жырларын оқып, сынақтан сүрінбей өтіп, ақ батасын алған. Оның қасындағы орташа бойлы Жақан Балшенов бас мал дәрігері. Мамандығымен қоса газеттердің белсенді тілшісі. Ел аузындағы аңыз әңгімелерді жинастырып, шежірелерді сұрастырып, естігендерін қағазға түсіріп жүретін, әдебиетке жан жүрегімен жақын» деп қызметкерлерін таныстырып шықты.

Бұл өткен ғасырдың жетпісінші жылдары еді. Абай атындағы кеңшардың кеңсесінде танысқан Жақан Байзолдаұлы бұрын сырттай ептеп білетін болсақ, келе-келе ынтымағымыз жарасып, тонның ішкі бауындай бауыр басып, жиі араласа бастадық.

Жақан Балшенов 1938 жылы 20 қазанда Кербұлақ ауданы, Қоғалы ауылында дүниеге келген. Елтай атындағы орта мектепті тамамдап, Қазақ КСР Ауыл шаруашылық ми-

нистрлігінің Талдықорған малдәрігерлік-зоотехникалық техникумына түсіп, 1959 жылы оқу орнын бітіреді. Кәсіби білімін жетілдіру мақсатында Алматы қаласындағы зоотехникалық-ветеринарлық институтқа түсіп, мамандығы бойынша жоғары білім алады.

1974-1977 жылдар аралығында Марксизм-Ленинизм университетінде партиялық оқу жүйесінде саяси білімін арттырады. 1979-1980 жылдар аралығында Қаратал ауданы, Елтай ауылында Абай атындағы кеңшарда әуелде мал дәрігері, зоотехник, бас мал дәрігері қызметтерін абыройлы атқарады. Одан кейін Абай атындағы кеңшардың партия комитетіне хатшы болып сайланды. Партия комитетін басқарған кезінде коммунистердің белсенділігін көтеруге ерекше мән беріп, шешімін таппай жүрген күрделі мәселелерді күн тәртібіне қойып, нақты жайттың барысын талқылауға коммунистер-

дің белсене қатысуын қатаң талап етеді. Халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту ісін де жіті қадағалайтын. Жасөспірімдер арасындағы тәлім-тәрбие жұмысын ұдайы назарда ұстайтын.

Жақанмен жақындасуымыздың ең басты себебі – газеттерге мақала жазып тұратыны еді. Редакция табалдырығын жиі аттайтын. Келген сайын сәлем беріп, ашық пікірлесіп, ой бөлісетін. Осындай қарым-қатынасымыз терең тамырланып, арамыз жібек жіптей өріліп, сыйластығымыз кеңейе түскен-тін. Олай дейтінім, Жақан әрдайым кішіпейілдік танытып, тіл табысып, өзара түсінісіп, ойын асқақ-асқақ армандарға ұластырып, болашақтан көп нәрсе күтетін. Кәсіби мамандық жайлы пікір алысумен қатар, мақсат-мүддеміз, өмір жайлы пайымдауымыз бір арнада тоғысып жататын-ды.

Жергілікті тілші атанған Жақан

ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖАМПОЗЫ ЕДІ...

Қаратал аудандық «Коммунизм жолы» газетінің редакторы қызметіне келгеніме көп болмаған. Шаруашылықтардың басшыларымен енді-енді таныса бастаған кезім. Осындай жұмыс сапарымның бірінде Абай атындағы кеңшарға жолым түсті. Кеңсеге кіріп, басшысына жолығуды өтініп едім хатшы қыз: «Жиналыс жүріп жатыр, бітуде де жақын қалды. Біршама күте тұрыңыз» деді. Көп ұзамай жиын да бітіп, басшының қабылдауына кірдім.

Балшенов күнделікті өмірдегі көкейтесті мәселелерге баса назар аударатын. Және бір ерекшелігі, ойына қорытқандарын қағаз бетіне қиналмай-ақ тез түсіретін. Мәселенің мәйегін тауып, сөз маржанын мөлдіретіп төге салатын тіл байлығы да жеткілікті еді.

Жақан әдебиет жайлы әңгіме көрігі қызған сәтте: «Менің жан жүрегім әдебиетке өте жақын. Сондықтан болар, дүние-мүлікке қызықпаймын. Тұрмыс-тіршілік мәселесі өз алдына бөлек жайт. Ал рухани азық байлығын кейіндетіп қояды қаламаймын. Оның орны алғы шеп болуы тиіс. Неге десеңіз, сананы салауаттылыққа жетелейтін басты құрал – кітап. Көркем әдебиет сана-сезімді дамытып, ой-өрісін кеңейтетін байлықтың қайнары деп есептеймін. Сол себепті де кітап жинауға деген құштарлығым өте басым. Көп оқимын. Шежіре айтқыш абыздардың әңгімелеріне қалқан құлағымды көбірек түрермін. Естіген, түйсігіме түйгендерімді қағаз бетіне түсіргеніне жаным байыз таптайды. Кейбір күндері қолыма қалам ұстап, ойға беріліп кетсем, таңның атқанын да аңғармай қаламын», – дейтін әңгімесі жиі еске түседі.

Жақан Байзолдаұлы ел аралап жүргенде ұлттық үрдістерімізді ұлықтайтын тақырыптар төңірегінде айтылатын әңгімелерге ерекше ынта-ықылас танытып, қойын дәптеріне жазып алатын. Сондай әңгіменің бірі – «Білмейді құс қадірін ұстамаған...» деп аталатын жолжазбасы. Оны Жетісу өңірінің атақты саятшысы, білгір құсбегі Дембосын Дүзелұлымен кездесіп, сөйлескендегі естігені арқылы қанша оқысаң да құлақ құрышы қанбайтын шынайы әңгімесінде құсты баулудың, аң-құсқа түсірудің әдіс-тәсілдерін егжей-тегжейлі баяндайтындығы-

мен жүрекке жылы ұялап, құсбегіліктің қыр-сырына қанықтырды.

Жақан қалам мен Шопаната таяғын қатар ұстады. Қой шаруашылығының белді мамандарының бірі болған Жақан Байзолдаұлы зейнеткерлік еңбек демалысына шыққаннан кейін қоғамдық жұмыспен шұғылданды. Алғаш өңірлік мұсылмандардың «Әулие-Ата» діни бірлестігін құрып, оның жұмысын талапқа сай жүргізуді қолға алды. Аудандық, облыстық газет-журналдарға шаруашылықтағы еңбеккерлердің жетістіктері мен көкейтесті мәселелерді қамтитын мақалалары жиі басылып тұратын. Сонымен бірге «Әулие аталар» жинақтық альбомы мен кітабына мақалалары шықты.

Жігіт санатына қосылып, бой түзеген шақта Жақан Қарлығаш Дембосынқызымен көңіл жарастырып, шаңырақ көтеріп, 6 бала тәрбиелеп өсірді. Бүгінде балалары жеке-жеке шаңырақ көтеріп, үбірлі-шүбірлі, бала-шағаларын тәрбиелеп жеткізген ардақты әке, аяулы ана.

Еңбеккерлігімен танылған арда азамат өте қарапайым, жүрегі жылы, көңілі кең, жаны жайсаң еді. Оның еліне жасаған жақсылығы мен қамқорлығы өз алдына бір төбе. Жақан Байзолдаұлының өмірден озғанына орай еске алып, дұға оқып, ас беріп жатқан қарсаңда ақ ниетті көңілдің өзгермегенін паш ете отырып, отбасына зор денсаулық, баянды бақыт пен шаттық, берекелі бак-дәулет қона берсін деумен бірге, әулет ұрпақтарының жаңа табыстарға жетуіне тілектестік білдіремін.

**Әли ЫСҚАБАЙ,
ҚР-ның еңбек сіңірген
қайраткері, Қазақстанның
Құрметті журналисі**

ХАБАРЛАМА

"Zhol Service KZ" ЖШС "Жетісу облысының Сарқан ауданында орналасқан "лепсинское" құрылыс тасы кен орнын жою жоспарына қоршаған ортаны қорғау бөлімі" бойынша қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария талылау мерзімі 10 жмыс кні 01.04.2026 жылдан 14.04.2026 жыла дейін.

Жоспарланан ызметті бастамашысы: "Zhol Service KZ" ЖШС, мекенжайы: Алматы, ыз Жібек к-сі, 117. БСН 191140028766, тел. +7-777-800-8001, Email: zhol-kz@mail.ru.

Мемлекеттік экологиялы сараптама объектісіні жаттамасын әзірлеуші: М.в. Дробот ЖК, мекенжайы 010000, Астана аласы, Пушкин к шесі, 15 й, 17 пәтер, 87787419151.

Ескертулер мен сыныстар абылданатын автоматтандырылан апаратты жйеге сілтеме: <https://nbdecology.gov.kz>. барлы мдделі тлалар здеріні ескертулері мен сыныстарын электронды поштаа жіберу арылы енгізе алады: borohova2014@mail.ru, 7su_expertiza@mail.ru. барлы сратар бойынша мына телефондара хабарласуа болады: +77787419151.

Географиялы координаттары: ендік: 45°18' 58 "С, бойлы: 78°35' 22 " в.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Zhol Service KZ» объявляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по «Разделу охраны окружающей среды к Плану ликвидации месторождения строительного камня «Лепсинское» расположенного в Саркандинском районе Жетысуйской области».

Срок публичных обсуждений 10 рабочих дней с 01.04.2026 года по 14.04.2026 года.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Zhol Service KZ», адрес: г. Алматы, ул.Кыз Жибек, 117. БИН 191140028766, тел. +7-777-800-8001, Email: zhol-kz@mail.ru.

Разработчик документации объекта государственной экологической экспертизы: ИП Дробот М.В., Адрес 010000, город Астана, ул. Пушкина, дом 15, квартира 17, 87787419151.

Ссылка на автоматизированную информационную систему, где принимаются замечания и предложения: <https://nbdecology.gov.kz>. Все заинтересованные лица могут внести свои замечания и предложения, отправив их на электронную почту: borohova2014@mail.ru, 7su_expertiza@mail.ru. По всем вопросам обращаться по телефонам: +77787419151.

Географические координаты: Широта: 45°18'58"С, Долгота: 78°35'22"В.

ХАБАРЛАМА

«CR Gold» ЖШС «Жетісу облысы Ақсу ауданындағы Тұрсын-Төре алтын кен орнын өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына кешенді экологиялық рұқсат алу үшін құжаттама» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Тыңдаулар 23.04.2026 жылы сағат 11.00-де мына мекенжай бойынша өтеді: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Суықсай а.о., Суықсай а., Ш. Омаров көшесі, 18 (әкімдік ғимараты).

Бастамашы: «CR Gold» ЖШС, БСН 231040011193, заңды мекенжайы: 070000, ҚР, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Токтаров к., 51, тел.: +7 705 449 9884, email: office.zincor@gmail.com

Жобаны әзірлеуші – «Minerals Operating Ltd.» ЖК, БСН 200140900031, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғ., 55/21, 164 кеңсе, тел.: +7 777 491 40 02, e-mail: info@moperating.kz

Әсер ету аймағы – Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Суықсай а.о., Суықсай а.

Әсер ету координаттары: 45°08'5.58" С.Е., 79°27'5.46" Ш.Б.

Жоба материалдарымен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz> және «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural> танысуға болады. Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Астана қ., Мәңгілік Ел даңғ., 55/21, 164 кеңсе, e-mail: krylov.d@moperating.kz, тел.: 8 7172 24 72 80, 8 777 491 40 02

Ескертулер мен ұсыныстар – prroda@zhetisu.gov.kz электрондық мекенжайы бойынша және Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz> қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Онлайн қосылымға сілтеме: <https://mineralsoperating.bitrix24.kz/video/8sYc9xRA>.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «CR Gold» проводит общественные слушания в форме открытых собраний по «Документация для получения комплексного экологического разрешения к Плану горных работ по добыче золоторудного месторождения Турсун-Төре в Аксуском районе области Жетысу».

Слушания состоятся 23.04.2026 г. в 11.00 по адресу область Жетісу, Аксуский район, Суықсайский с.о., с. Суықсай, ул. Ш. Омарова, 18 (здание акимата).

Инициатор: ТОО «CR Gold», БИН 231040011193, юридический адрес: 070000, РК, Восточно-Казахстанская область, г. Усть-Каменогорск, ул. Тохтарова, 51, тел.: +7 705 449 9884, email: office.zincor@gmail.com

Разработчик проекта – ЧК «Minerals Operating Ltd.», г. Астана, ул. Мангилик ел, 55/21, офис 164, БИН 200140900031, +7 777 491 40 02, e-mail: info@moperating.kz

Территория воздействия – область Жетісу, Аксуский район, Суықсайский с.о., с. Суықсай. Координаты воздействия: 45°08'5.58" С.Ш., 79°27'5.46" В.Д.

С материалами проекта можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz> и сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу» <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural>. Дополнительную информацию можно получить по адресу: г. Астана, пр. Мангилик Ел, 55/21, офис 164, e-mail: krylov.d@moperating.kz, тел.: 8 7172 24 72 80, 8 777 491 40 02.

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных слушаний по электронному адресу – prroda@zhetisu.gov.kz и на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz>

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Ссылка на онлайн подключение: <https://mineralsoperating.bitrix24.kz/video/8sYc9xRA>.

Облыстық С. Сейфуллин атындағы орталық кітапханада «Наурыз – ежелгі дәстүр, мәңгілік мұра» атты кең көлемді кітап көрмесі оқушыларға ұсынылса, қаланың орталық арбаында ұлттық құндылықтарды дәріптеуге негізделген мәдени-танымдық наурызнама ұйымдастырылды.



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Ұлттық нақылш

ұлт мұрасы

Медет ЖҰМАБАЙ

Кітапханада оқушыларға қазақ халқының ұлттық киімдері мен сәндік-қолданбалы өнеріне арналған Сабыркүл Асанова, Ғалия Қайдауылқызы, Ерлан Қожабаев сынды авторлардың түрлі тақырыптағы кітабы таныстырылды. Ол туындыларда киім-кешектің жасалу тәсілдері, ою-өрнектері мен мәдени маңызы баяндалады. Бұл туындылар қазақ халқының ұлттық киім мәдениетін, оның тарихы мен көркемдік ерекшеліктерін тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Көрмеге қатысқан қаладағы №4 орта мектептің 4-сынып оқушылары мекеме қызметкерлеріне көкейіндегі сұрақтарын қойып, ұлттық киімнің маңыздылығы туралы тың ақпарат алды.

– Біз наурыз мерекесі жөнінде, қазақтың ұлттық киімдері туралы кітапханадан жан-жақты ақпарат алдық. Кітапханашы апайлар бізге халқымыздың түрлі тамағын, музыкалық аспаптарын, тұрмыстық әртүрлі бұйымын таныстырды. Көрме маған ерекше ұнады, – дейді 4-сынып оқушысы Аңса Бакытжан.

Ал ашық аспан астында өткен шара тұрғындардың басын қосып, ұлттық бірегейліктің жарқын үлгісін паш етті. Шаһардың бас алаңы мерекелік кейіпке еніп, жиналған жұртшылыққа ыстық бауырсақ ұсынылып, ұлттық дәмнен шашу шашылды. Бабы келіскен қыран бүркіт көтерген саятшылардың келуі жиынның көркін қыздырады.

Тұрғындар батырлармен, құстармен суретке түсіп, ерекше әсерге бөленді.

– Міне, жастарымыз қазақша киініп жүр, қандай әдемі, көңіл қуантады. Әрдайым осылай киініп жүрсек қой. Осы үрдістің жалғасуына тілекшімін. Елдігіміз мәңгі болып, Көк туымыз желбіреп, асқақтай берсін, – дейді қала тұрғыны Базаргүл Тұғылбаева.

Мерекелік жиында тұрғындар мен қала қонақтары қазақтың дәстүрлі киімдерімен танысты. Арбат алаңындағы қолөнер шеберлерінің көрмесі, ұлттық тағамдар, әсем ән мен күмбірлеген күй мерекелік көңіл-күйді еселей түсті.

Мерекелік думанның сәнін жиын өтіп жатқан орынға жеткізілген түйелер де аша түсті. Төрт түліктің төресін қызқайтаған жұртшылық ежелгі көшпенділер өмірін сыр шертетін бұл көрініске айрықша ықыласпен назар аударды.



Еңбек ауылдық №4 кітапхана филиалында «Жыр жүйрігі – Мұқағали» атты поэзия сағаты ұйымдастырылды. Тағылымды шара ұлт руханиятын дәріптеуге, ақын мұрасын жаңа қырынан танытуға арналды.

Ол қазақ әдебиетінің ғана емес, ұлттық сананың, елдік рухтың асқақ биігі. Оның жырлары өмірдің өз тамырынан нәр алып, халықтың мұңы мен қуанышын, махаббаты мен тағдырын шыннайы суреттейді. Ақын поэзиясының құдіреті – қарапайымдылығында, ал мәңгілігі – шыншылдығында. Сондықтан да сөз зергерінің өлеңдері уақыт озған сайын өзектілігін жоғалтпай, бүгінгі оқырманның да жүрегіне жол тауып келеді.

Поэзия сағатының басты ерекшелігі, Мұқағали жырларының жасанды интеллект мүмкіндіктері арқылы жаңаша форматта ұсынылды. Ақын өлеңдері заманауи технология көмегімен дыбысталып, көркем бейне мен әсерлі әуен арқылы оқырманға жол тартты. Бұл әдеби мұра мен цифрлық жаңашылдықтың үйлесімді тоғысып, классикалық поэзияны бүгінгі заман тілімен сөйлете алатынын көрсетті.

Шара барысында Мұқағали Мақатаевтың таңдаулы өлеңдері оқылып, ақын шығармашылығы жайлы мазмұнды ойлар ортаға салынды. Қатысушылар ақын жырларындағы адамгершілік, отаншылдық, махаббат пен өмір философиясы туралы пікірлерін білдіріп, поэзияның тәрбиелік нәмі рухани мәніне тоқталды.

Мұқағали Мақатаевтың жырлары – ұлттың мәңгілік қазынасы. Ақын өлеңдері әр буынмен бірге жасай бермек, ал оның поэзиясы халқымен бірге мәңгі өмір сүре берері сөзсіз.

А. НҰРСАҒАТОВА,
Еңбек ауылдық №4 кітапхана филиалының менгерушісі

Открыто наследство на имущество Нетисова Федора Ивановича, умершего 16. 10. 2025 года. Наследников просим обращаться в нотариальную контору по адресу: г. Талдықорган, ул.Толбаева, №74.

Маңызды мамандық

Ұшқан құстай дамыған цифрлық дәуірде ақпараттық қауіпсіздік мемлекеттің тұрақтылығы мен тәуелсіздігінің негізі. Бұл тұрғыда «Криптология» мамандығы ерекше маңызға ие. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті сапалы білім беру, ғылыми зерттеулер және криптология саласындағы заманауи инфрақұрылымды қалыптастыру арқылы елдің цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жаңа буын мамандарын даярлайды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да оқытудың барлық деңгейінде «Криптология» білім беру бағдарламасы іске асырылуда. Бағдарлама заманауи талаптарға сәйкес әзірленген және мемлекеттің цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мамандарды даярлауға бағытталған. Университетте «Киберқауіпсіздік және криптология» кафедрасы және «Криптология және киберқауіпсіздік» ғылыми институты жұмыс істейді. Бұл құрылымдар білім беру және ғылым-зерттеу қызметін біртұтас жүйеге біріктіруге және студенттердің теориялық

білімдерін тәжірибелік дағдылармен ұштастыруға мүмкіндік береді.

Криптологияны оқыту терең математикалық дайындыққа негізделген. Студенттер сандар теориясын, дискретті математиканы, алгоритмдер және мәліметтер құрылымын, криптографиялық алгоритмдерді, ақпараттық қауіпсіздікті және желілік технологияларды үйренеді. Зертханалық сабақтарға ерекше көңіл бөлінеді. Университетте «Криптология» арнайы зертханасы жұмыс істейді. Онда желілік қауіпсіздікті модельдеуге және бағдарламалық криптография құралдары кешендері орнатылған. Оқу ба-

рысында студенттер шифрлау жүйелерін құрастырады, криптографиялық алгоритмдерді бағдарламалайды және ақпараттық қауіпсіздік механизмдерін сынақтан өткізеді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ криптология бағыты бойынша халықаралық ынтымақтастықты да белсенді дамытуда. Шетелдік профессорлар дәріс оқуға шақырылып, ғылыми жобалар іске асырылады. Криптология саласында маман даярлаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен және уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп жүргізіледі. Бүгінде түлектер мемлекеттік органдарда, ұлттық қауіпсіздік құрылымдарында, қаржы секторында және IT-компанияларда сұранысқа ие. Бұл жоғары жауапкершілікті, терең білімді және аналитикалық ойлауды қажет ететін бағыт.

Ә. ТҰРАРБЕК,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың киберқауіпсіздік және криптология кафедрасының менгерушісі
Д. НАЗАРБАЕВ,
киберқауіпсіздік және криптология кафедрасының аға оқытушысы

САПАЛЫ КҮТІМНІҢ КЕПІЛІ

Адам денсаулығы – ұлт болашағының айнасы. Ал осы жауапты салада мейіргерлердің орны ерекше. Күн сайын науқаспен бетпе-бет келіп, оның жағдайын бақылап, үміт пен сенім сыйлайтын да осы ақ халатты жандар. Сондықтан бүгінгі таңда мейіргер ісіне тек орындаушылық емес, көшбасшылық тұрғысынан қарау – уақыт талабы.

Қазіргі денсаулық сақтау жүйесі күрделеніп, қызмет көрсету сапасына қойылатын талап күшейген сайын мейіргердің рөлі де жаңа деңгейге көтерілуде. Ол енді тек дәрігер нұсқауын орындаушы емес, емдеу үдерісінің белсенді қатысушысы, ұжым жұмысының үйлестірушісі, тіпті өзгерістердің бастамашысы. Осы тұста мейіргер ісіндегі көшбасшылық ұғымы алдыңғы қатарға шығады.

Көшбасшы мейіргер – бұл тек қызметті ұйымдастыратын маман емес. Ол ұжымға сенім ұялата алатын, әріптестерін ортақ мақсатқа жұмылдыратын, қиын сәтте дұрыс шешім қабылдай білетін жан. Мұндай маман ұжымдағы әр қызметкердің қабілетін танып, оны тиімді бағытта қолдана алады. Нәтижесінде жұмыс сапасы артып, медициналық қызмет көрсету деңгейі жоғарылайды.

Ең бастысы, көшбасшылық сапалы күтіммен тікелей байланысты. Себебі, мейіргер пациентпен ең жиі байланыс жасайтын маман. Оның кәсіби біліктілігі, қарым-қатынас мәдениеті мен ұйымдастырушылық қабілеті науқастың емделу барысына ғана емес, психологиялық жағдайына да әсер етеді. Ал көшбасшылық қасиеті бар мейіргер ұжымдағы үйлесімділікті сақтап, пациентке бағытталған қызмет моделін қалыптастырады.

Медицина – үздіксіз жаңарып отыратын сала. Жаңа технологиялар, цифрлық жүйелер, инновациялық емдеу әдістері күн са-



йын енгізілуде. Осындай өзгерістерге ілесу үшін мейіргерлер тек тәжірибемен шектелмей, білімін үнемі жетілдіріп отыруы тиіс. Бұл ретте көшбасшы мейіргерлер ұжымын алға жетелеп, кәсіби дамудың қозғаушы күшіне айналады. Олар әріптестерін оқуға, ізденуге, ғылыми ортаға араласуға ынталандырады.

Мейіргерлік көшбасшылық – ұжымдағы адами қарым-қатынастың сапасын айқындайтын фактор. Денсаулық сақтау саласындағы жұмыс ауыр әрі эмоциялық тұрғыдан күрделі. Мұндай жағдайда өзара қолдау мен сенімге негізделген орта қалыптастыру аса маңызды. Көшбасшы мейіргер дәл осындай ахуалды қалыптастырып, күйзелістің алдын алуға, жұмыс тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Сала мамандарының айтуынша, тиімді көшбасшылық бар жерде қателік азайып, пациент қауіпсіздігі артады. Демек, бұл тек басқару тәсілі ғана емес, медициналық көмектің сапасын анықтайтын стратегиялық құрал.

Мейіргер ісіндегі көшбасшылық – заман талабынан туған қажеттілік. Бұл – сапалы күтімнің, кәсіби өсудің және ұжымдық үйлесімнің негізі. Сондықтан медициналық білім беру жүйесінде болашақ мейіргерлерге тек кәсіби дағдыларды ғана емес, көшбасшылық қабілеттерді де қалыптастыру – басты міндеттердің бірі.

Жангүл ЖАЙЫҚҚЫЗЫ,
жетекшісі: **Айдана СЕЙТХАНОВА,**
ШЖК «Талдықорган жоғары медициналық колледжі» МКК

Талдықорган қаласы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Меншік несі:
ШЖК «Жетісу Медиа» МКК
Басшының міндетін атқарушы:
Марал ДАУТАЛИНОВА

Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71
Бас редактор:
Жұматай ӘМІРЕ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPY00064518 күшіне берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Мекенжайымыз:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28.
Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.
Меншікті тілшілер:
Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Сарқан, Ақсу аудандары — 8 701 779 19 38.
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонна хабарласу керек.



Кезекші редактор: Гүлжан ТҰРСЫН

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен тегіндегі 4 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Жетісу» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

«Jetisy» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Талсырыс — 288
«Жетісу Медиа» МКК басшыларының жалпы таралымы — 6612, оның ішінде «Jetisy» газетінің осы шығарылымының таралымы — 4622. Индексі — 65469.